

Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестр. 10-сабақ. Бірінші бөлім.

Лексикалық тақырып: Қайырымдылық – адамгершілік белгісі.

Грамматикалық тақырып: Құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың мағыналық топтары.

Оқылым. 1-тапсырма. Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

Елімізде жыл сайын меценаттар мен демеушілер форумы өтеді. Түрлі іс-шаралар мен акциялар өткізіледі. Басты бағыт – қайырымдылық. Қайырымдылық – мұқтаж жандардың қажетін өтеудегі ізгіліктің нақты көрінісі, адамзаттың бойындағы ерекше қасиеттердің бірі. Адамның адамға деген адамгершілік қасиетін көрсететін таза ниеті пен ізгі қадамы. Қайырымдылықты мақсат еткен жомарт жандар саны жылдан жылға артып келеді.

«Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы көп қолдауына ие болды. «30 игі іс» әлеуметтік және қайырымдылық іс-шара аясында «Жүрек жылуымен» атты әлеуметтік көмек көрсету шаралары ұйымдастырылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы да қайырымдылық жасауға белсене қатысады. Түрлі этнос өкілдерінен құрылған жас буын өкілдері «Ерікті донор» дәстүрлі акциясына қатысып «Қан орталығына» барып қан тапсырады. Қайырымдылық қорлары арқылы көмек көрсететін ізгі жандар саны көбеюде. Халқымыздың «Қолы ашықтың – жолы ашық» деген қанатты сөзі бар. Көмекке мұқтаж адамдарға қайырымдылық жасап, қарттарды аялап, мүгедектерді қолдап-қорғауды адамгершілік борыш деп санайды. Мемлекет тарапынан да қайырымдылықты қолдауға көңіл бөлініп отыр. «Аяз атаға хат» қайырымдылық акциясында әлеуметтік қолдауға мұқтаж сәбилер үшін жаңа жылдық сыйлықтар тарту етіледі. Су тасқыны, зілзала, өрт сияқты табиғи апаттар кезінде қоғам болып адамдар бір-біріне жәрдем жасап, қолынан келген көмектерін аямайды.

Адамдардың қиын сәттерде бір-біріне көмек беруі мейірім шуағын шашады. Түрлі ұйымдардың, кәсіпкерлердің қайырымдылық іс-шаралары көптеп ұйымдастырылуда.

Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

2-тапсырма. Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

3-тапсырма. Мәтінде жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Елімізде жыл сайын қайырымдылыққа байланысты қандай іс-шаралар өтеді?
2. Ізгіліктің нақты көрінісі, адамзаттың бойындағы ерекше қасиеттердің бірі қандай?
3. Қайырымдылыққа байланысты жалпыұлттық жоба қалай аталады?
4. Қазақстан халқы Ассамблеясы да қайырымдылық жасауға қандай көмек көрсетуде?
5. Халқымыздың қайырымдылыққа байланысты қандай қанатты сөздері бар?
6. Қандай апаттар кезінде адамдар бір-біріне жәрдем жасап, қолынан келген көмектерін аямайды?

5-тапсырма. Мәтін бойынша пікіріңізді білдіріңіз.

Жақсылыққа қайырымдылықпен жауап беру әр жанның болмысына біткен ізгі амал. Мұқтаж жандарға мейірімділік пен ізгілік, достыққа адалдық таныту – адамгершіліктің белгісі. Адамзаттың барлығына «бауырым» деп қарау Абайдан қалған өсиет. Жүрекпен қайырлы іс жаса.

Айтылым.

6-тапсырма. Нақыл сөздердің мағынасын түсініп айтып беріңіз.

Жақсылық қылсаң, жарлы болмассың. Халық даналығы.

Қайыр бар жерде ырыс бар. Халық даналығы.

Өзін ғана ойлаған, жамандықтың белгісі.

Өзгені де ойлаған, адамдықтың белгісі. Шағырай шешен.

Шын мағынасындағы білімді болу үшін үш қасиет қажет – кең көлемді білім, ойлай білу және қайырымдылық сезім. Николай Чернышевский.

Адам ақылды, кішіпейіл, әділ, батыл да, қайырымды болуға тиіс. Тек сонда ғана оның осынау адам деген мәртебелі атпен аталуға құқы болады. К.Г. Паустовский.

Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі,

Жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі. М.Әуезов.

10-сабақ. Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.